

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Өндірістік байланыстар қазақстардағы қазіргі уақыттағы шаруашылық тұрмыстық өзара-көмектің қызмет саласы ретінде

ЖАРИЯЛАНДЫ
28.11.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/146826/>

Өндіріс — бұл қоғам дамуына қажет материалдық игіліктер мен қызметтер жасау мақсатымен табиғат заттарына адамның ықпал ету процесі. Бұл процестің дамуы ұзақ мерзімді қамтиды жабайы өнімдер өндіруден өте күрделі техникалық жүйелер, өзгерістерге икемді кешендер, есептеу машиналар өндірісіне дайын. Өндіріс процесінде игіліктер мен қызметтер жасау тәсілдері және түрлері өзгеріп қоймайды, осымен бірге адамның өзінің өнегелілігі дамып жетіле түседі. Өндірістік қатынастар – бұл жұмыс берушілер мен олардың қызметкерлері арасындағы еңбекке байланысты міндеттемелер мен құқықтарды басқару .

Өндірістік қатынастардың мақсаты жұмыс беруші үшін өндірістік қарым-қатынастар жұмысшылар мен кәсіп иелері/менеджерлер арасындағы келіссөздер туралы болып табылады, бұл жұмысшылардың жақсы жалақысы мен еңбек жағдайлары орнына өнімділікті арттыруға және өнім сапасын жақсартуға әкеледі. Жалақы мөлшерлемелері мен басқа да жұмыс жағдайларын бизнес иелері мен бизнес қызметкерлері арасындағы келіссөздер әдісі бар . Кәсіпорын иелері/менеджерлері өндірістік қатынастар ережелерінде белгіленген ең төменгі жалақы мен шарттарды ескеруі керек.

Өндірістік қатынастардың негізгі қатысушылары: жұмыс берушілер . Қызметкерлер/жұмысшылар. Үкімет. Жұмыс берушілер еңбек мәселелерімен және олардың кәсіподақтарымен ұжымдық түрде айналысатын бірлестіктері бар.Өндірістік қатынастардың маңызды субъектілері (тараптары) қызметкерлер немесе олардың кәсіподақтары, жұмыс берушілер және олардың бірлестіктері және үкімет болып табылады.

Адамзаттың және қоғамның үстемелі дамуының материалдық негізі – ол өндіріс. Қоғамдық өнімнің төрт сатыдағы қозғалысы қоғамдық өндірісті құрайды.

1. Өндіріс – материалдық игіліктерді пайдалы өнімді өндіру процесі.
2. Бөлу — әрбір адамның өндірілген өнімділігі үлесін анықтау.
3. Айырбас – белгілі бір өнімді басқа өнімге айырбастау процесі.
4. Тұтыну — өндірілген өнімді қажеттілікті қанағаттандыру үшін пайдалану.

Қандай жүйеде болмасын өндіріс қоғамының табиғатпен қатынасы, байланысы болып табылады. Осы қатынастар өндірістік ресурстар арқылы білінеді. Экономикалық теорияда «ресурс» деген түсінік өндірістің әр түрлі элементтерінің жиынтығы болып табылады, бұлар материалдық және рухани игіліктер мен қызметтер жасауға қолдануы мүмкін. Экономикалық ресурстар: табиғи ресурстар және материалдық ресурстарға бөлінеді.

Қазіргі кезде өндіріс факторлары ретінде ақпарат үлкен рөл атқарады. Ақпарат бұл сақтау өндеу және жеткізу объектісі болып табылатын мәліметтер. Экономикалық тұрғыдан алғанда ақпарат бұл

экономикалық процеске қатысушылардың баға, тауармен қызмет туралы толық мағұмылаттардың болуы. Экономикада ақпарат экономикалық процестерді талдап, дұрыс болжамдар жасауға мүмкіндік береді. Барлық экономикалық ресурстарға бір ғана қасиет тән-ол шектелгендік. Адамдардың қажеттілігі шексіз, әрі үнемі өсіп отырады, ал ресурстар шектелген. Барлық қажеттіліктерді толықтай қанағаттандыруға қоғамның мүмкіндігі жоқ.

3 курс әлеуметтік жұмыс мамандығының студенті

Жақсылықова Шаттық

Жетекші: Авсыдыкова Куралай

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.